

## 2021 жылға Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 244 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қазанда № 5848 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

**ЗҚАИ-ның ескертпесі**

**Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6 тармағына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шардара ауданы әкімінің орынбасары А.Таженовке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Шардара ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Т.Сарманов

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2020 жыл

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б. Шомпиев

Шардара ауданы

**2021 жылға Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті**

№	Кент, ауылдық округінің атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қ.Тұрысбеков	Шардара	1,65
2	Қоссейіт	Қоссейіт	1,75
3	Көксу	Көксу	1,75
4		Сырдария	1,65
5	Ұзын ата	Ұзын ата	1,75
6	Алатау батыр	Қазақстан	1,75
7	Қызылқұм	Қызылқұм	1,65
8	Сүткент	Сүткент	1,65
9	Ақшеңгелді	Ақалтын	1,65
10		Егізқұм	1,65
11	Достық	Достық	1,65
12	Жаушықұм	Жаушықұм	1,65
13	Шардара қаласы	Шардара қаласы	1,9
14		1-Мөлтек ауданы	1,9
15		2-Мөлтек ауданы	1,9
16		Төменгі тоғай	1,9
17		Сол жағалау	1,85